Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 977 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 139 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 166 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж., № 30, 320 б.; 2007 ж., № 34, 373 б.) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

2) тармақшадағы «құрылымы бекітілсін.» деген сөздер «құрылымы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Агенттіктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.»;

осы Жарлықта қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесімен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы ережеде:

5-тармақта:

«050012» деген цифрлар «050010» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Желтоқсан көшесі, 114» деген сөздер «Қонаев көшесі, 181» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

«17-1. Агенттік Төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шаралар қабылдауға міндетті және осы міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауаптылықта болады.».

2.Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 977 Жарлығына қосымша
Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 166 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» акционерлік қоғамы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК